

# Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі



**ОРЫНДАҒАН: АХМЕТОВА АЛИЯ**  
**ШТА-11 ТОБЫ**  
**ТЕКСЕРГЕН: ШАВАЛИЕВА З.Ш.**

# Жоспар:



- **1. Білім берудің тенденциялары.**
- **2. Білімдік және кұзырлылық көзқарас.**
- **3. Білім беру жүйесінің қоғамды өзгертудегі рөлі**

# Тірек сөздер:



- *Білім, тиімділік, педагогика, болашақ, қоғам, тәсіл, психология, жүйе, деңгейлер.*

# Мақсаты:



- Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің тәсілдерінің тиімділігін анықтау, қоғамның қарқынды дамуы мен қазіргі білім берудің ұқсастығын анықтау.



# Білім беру жүйесі



- **Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.**

- Қазіргі таңда Қазақстан бүкіл әлемдік білім кеңестігіне ену табалдырығында. Өмір ағымына қарай білім беру жүйесінің моделі күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Сондықтан заман талабына сай жаңа мазмұнда білі беруді ұйымдастыру 12 жылдық оқытуға көшумен тікелей байланысты. Елбасы Н.Ә.Назарбаев білім мен ғылым қызметкерлерінің екінші съезінде «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет өте ауыр» деген болатын. Осы ғылым мен білімнің негізін тереңдету нәтижесінде ғана еліміз өзінің елдігін басқа елдер алдында көрсете алады.

- 12 жылдық білім берудің негізгі мақсаты еліміздегі білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын толықтай өзгерте отырып, заманына сай мектеп құру. Олардың білімді де, білікті, парасат пайымы мол, саналы да сарабдал азамат боп жетілуі тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты. Мұғалімге артылатын сенім жүгі соншалық ауыр дей отыра, сонымен қатар оның ұлағатты ұлы жол екенін естен шығарып алмаған жөн.



## Қорытынды:



Халық тәжірибесі сияқты, оқу-тәрбие жүйесі бізге ғана емес, келер ұрпақтарымыз үшін де қымбат қасиет. Осы заманғы қоғам қазіргі адамдардан үздіксіз өсіп отырған ақпараттар ағымында жылдам бағдарлау мүмкіндігін талап етеді. «Білім» түсінігі көп мәнділігімен ерекшеленеді. Әдетте, бұл термин мазмұны жағынан келесідей түсініктемелерге ие болуы мүмкін: білім - жалпыадамзаттық құбылыс; білім - әлеуметтік мәдени мұра; білім – жүйе; білім – педагогикалық процесс; білім – нәтиже.

## Қолданылған әдебиеттер:



- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010
- Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.
- К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі »